

еремен
и

атчест

ТАҢДА Да ЖҰБАН

Аз жазса да саз жазатын қаламгер Рахымжан Отарбаев еңбектегі өмір жолын журналистикадан бастаған. Отанымыздағы мерзімдік басылымдарда қызмет атқарған. Одан кейін Қырғызстанда Қазақстан елшілігінің атташесі, Манғыстау облыстық телерадио компаниясының төрағасы, Атырау облыстық драма театрының директоры секілді дәрежелі қызметтерде болған. Оның “Дүние кезек”, “Жұлдыздар құлаған жер”, “Жайық жыры” кітабы жарық көріп, “Абай соты”, “Бейбарыс сұлтан”, “Әбутәліп әпенді”, тағы да басқа драмалық шығармалары сахналанған. Біз бүгін қаламгердің сиясы кеппеген жаңа туындысы — үштаған әңгімені ұсынып отырмыз.

Мамырдың кербез күні керіліп-созылып көкжиекке әрең сіңген. Ақ пен қызыл қапелімде қойындаса алмай айқасып жатты.

Башқұрттың жуанбалтырланып қалған бай ауылы да бүгін ерекше елегізулі еді. Саламат батыр бастаған жұзқарапы қолы Тұзтөбені кесіп өтіп, Қошалақтың қойында жатқан қалмақ ауылын шауып, олжалы оралғалы бәтуа басы піспей тұр. Құйрығын теуіп ойнаған өңшең қылқұйрықтыны Стерлитамакқа қарай өткізіп жіберіп, із жасырған. Соның жеп қолға түскен үш жылқышыны жерден қазған жеті құлаш зынданға салған. Таң алдында басына жібек шапанын бүркеніп түзге отыра шықса керек, қалмақтың бір айымкөз сұлуын батыр өнгере кетіпти. Ақ бетіне шаң жүқпай, аш белі солқылдаپ тұрған ару қабырғаласа бере қағып әкеткен қуатты қолдың тегеуірінен, ат омырауынан ақ көбік үзген ертелі-кеш шабыстан есін жоғалтып алышты.

Дөңгелене тігілген отау үйдің ішінде бір сәске талықсып жатып, көзін ашты. Сояудай-сояудай қамасқан кірпігін жазды да, көз жасын құс пытырадай шашып, бақырып жіберген.

Тұтқын қыздың оқыс шыққан дауысын естіген Сәдір бай алшайып қонған ақ боз үйде байыз таппай, әдетінше қызыл тілі аузына сыймай жалақтата берген. Бипаздал қымыз сапырып, көбігін шырт-шырт сындырып отырған бапты бәйбіше жекіріп таstadtы.

– Індым құрып тұр де. Жеті мүшене жеті қатын алайын деп пе ең?! Әукең салбырап жүріп келін-кепшіктен де ұялуды қойдың.

– Дауысы тым аңы екен, – деген бай көпшікке жантая кетіп. – Әлгі батыр неге кешікті. Қариялар қайда жүр, түге.

– Келер. Сағындыра қоймас. Осы қызыл тілің аузыңа сыймай жалақтап жүріп алған татар totaşындың желігін баса алмай отырып, о, несі-ай.

– Кесеу ұзын болса қол күймейді деген сөз менен емес, шалдардан қалған.

– Соны саған арнап айтқан шығар. Қазір әлгі ақыл қосар айғыр үйір тобың жиналсын. Сол сұқсырды қатындыққа өзіме сұрап, сауғага аламын.

Өзі де текті жерден шыққан, сарықарын тартқан бәйбішенің айбыны асып тұр.

Сәдір үнсіз күлетін дағдысымен кебеже қарнын біраз селкілдетіп басылды...

Сарала табақты еңсеріп, қымызға қанған билер батырдың қанжыға басын майлап қайтқан жорығын тағы бір мәрте қайталатып барып үнсіз қалысты. Сақалдарын саусақ көміп тараشتап, жау жылқысынан олжа бөлісті, тұтқын қыздың қай шаңыраққа бәлекейлігін, зынданда жатқан үш қалмаққа айтылар кесімді ойша қуады.

– Ал, ағайын, ойда орыс, қырда қазақ, құба жонда қалмақтың қай-қайсысы болмасын башқұртқа іш тартып отырғаны шамалы, – деп тоқбасар сөтте сөз тізгінін алдымен Дәulet би ұстады. – Баяғыда бір қарғаны атып алып қора басына байлап қойсан, өңгесі безіп кететін. Заман аунады. Ондай тәсілге жау тұрмақ жаман көршің де қашпауга айналды.

– Шекерін аузында, – деп Сәдір бай бір көтеріліп басылды.

– Айтсам, ендігі жерде айналанды алаңсыз шолмай, құйрығынды құлге көміп отырып, билік айтудың күні кетіп бара ма деймін, – деп бір тоқтады.

Манадан бері жан-жағынан жауған қошаметке шомылып отырған Саламат қана “бәрекелді!” деп қалғанымен, оны қоштар жан табылмады.

Сөз иесіне осы нені көнірсіткелі отыр дегендег аласып, сазарып қараған билер мен ақсақал, көксақалдардың мойын тамырлары қапелімде ұйқысынан оянған жыландай көкбілеуленіп қозғалып кетті.

– Апырым-ай, Дәuletжан-ай, Үпіге барып әлгі оқып-шоқыған ініңдің үйінен ағаш орындықты ерттеп мініп, шай ішіп келсең болды, ләмің бұзылып жүре береді. Ауылда қалған біз пакырды аясан нетті, – деп шаяндай шақпа тілді бір қария мына сөзді жүк көріп, әжептәуір ауырлап қалды.

– Дәуке, лебізіңізді үзбеніз, – деп батыр бұжолы да қолтықтай кетті.

Сәдір бай аузына сыймай отырған қызыл тілін жалақтатып, құрметін көріп отырған қарияларға жалғыздап көз тікті.

– Ендеше турасына көшейін. Баяғыдан орыстың отын көсеп келген қалмақ енді араздасып, алты айшылық атақулдігіне аттанғалы жатыр деседі.

Жолшыбай ежелгі жауым башқұрт ауылын бір шауып, қанқақсатып кетемін депті. Орыс Нұралы ханға әскер жинанып, қашқан жауынды ізінен қалмай талқандап бақ деп пәрмен беріпті. Төменгі қазақ та жыланның тіліндегі екі айыр ғой. Әлгі Сырым батыры мен Қаратай би бөлек қол жинап, ханы мен қалмаққа қатар соғыс ашамын деп қарашасына қару соқтырып апнып-купініп ол жатыр дейді.

Мына сөзді естіген башқұрттар алшайып қонған ақбоз үйдің кереге көзінен тосын ызғар ескендей тіксініп қалды.

– Ой-бой, не дейд?!

– Үркіншілік басталыпты ғой.

– Үркітіп өлтіретін болды-ау, – десіп ұзынды-қысқалы ғып созып отырған аяқтарын жинап ала қойысты.

– Қалмақты есіртіп, орыспен орталарына от тастап отырған Орта жүздің Абылай ханы деседі.

– Шонай да көшемін деп пе?

– Жоқ, Шонай мен Үбіші ұстасып, бір-біріне “бетің құрсын, кәпір!” десіп кетіпті. Шонай Ақ Еділдің аргы бетінен қоныс сұрап, ақ патшадан мейірім тілеп жатыр дейд.

- О-о-ш-ш! – деп көзін бағжандағатқан бір қызыл иек шалдың айтайын деген сөзі ысқырық боп шығып басылды.
- Манадан бері өз ортасында мойны озық отырған Дәulet би әр көкірекке бір аласурең ой тастап өтті.
- Осының бәрі әлгі орыстың онтайына жүріп оқыған інімізден шығып жатқан сөз болды ғой.
- Е, оқыған соң білмей қайтсін.
- Қыр асып келсе, кенес құратын біз дейсің бе, – десіп алқақотан отырғандар теңселісіп кетті.
- Іргелес жатқан қазақпен бір күн тату, бір күн қату боп отырған жайымыз бар. Орыстың да оң қолын беріп тұрғаны шамалы. Қалмақ қағынып тиіссе, қалай қарай қисаяр. “Жау шапты!” деген алакұлік айқай шыққанда ғана әскер жинап, онда да ішім-жемін көпсініп жазда жинаған қолды күзде таратып жіберетін бұлар қамсыз қап, қапы соқпай ма? – деген ой әрбірінің қеудесін күйдіріп жатты.
- Оңайынан келген олжаны құл мен аруды бөліске салар, қыздырма сөздің қызуына тояттап тоқбасар сәттің көзапара үркіп кеткеніне іштей наразы Сәдір бай ғана аузына симаған қызыл тілін жалақтата берді.
- Ортаға ақыл тастап біраз ырғасқан игі-жақсылар ой мен қырға ат шаптырып, дереу әскер жиюды Саламатқа аманат етті. Олжаға түскен малдың әзірге үйірін бөлмей алғашқы қара сұық ұрып, бозқырау түскенше қалың қарагайлы орманның маңына байырқатып ұстайық десті. Осымен іс тәмам деп бата жасауға келгенде: – Үш қалмақты қайтеміз? Оларды бостан босқа бағамын ба? – деп манадан бері үнсіз мақұлмен отырған Сәдір бай тұтқындарды тап бір жал-жаямен асырап отырғандай санқылданап кетті. – Қыздың дауысы құлағынды тесіп барады.
- Бапты бәйбіше жұп-жұмыр ақ білегін кербез көтеріп, қымыздың ашуын жазып, үсті-үстіне сапырып, төрден бастап үлестіріп шықты.
- Кесімді сөз өздерінізде.
- Батырдың олжа бөліске келгенде қайрат иесі өзім деп өнмендемей, жолды жасы үлкендерге жолдағанына өзгелер кәдімгідей риза болысқан.
- Дәuletжан не дер? – дегенді манағы шаяндай шақпа тілді қария енді анық жуасып айтты.
- Алдымызға тізерлетіп әкелсін, көрейік.
- Жасын, шама-шарқын білейік.
- Көрмеге қойғандай ғып қайтеміз. Осы жерден кесім айтайык.
- О баста көрдік қой, кәпірінді, – десіп аз-кем қауқылдақсан топ ақыры тұтқындардың орта жастағы еңгезердей зорын байлап-матап, Үпідегі орыс жандаралының кенсесіне табыс етейік. Орыс жатақтарына қастандық қылғалы жүрген жерінен ұстадық дерміз. Арғы жағын оқып-шоқыған ініміз келістіріп жалғап әкетер. Сөйтіп, мынау алмағайып кезде олардың да бір ықыласын алып қояйық, – десті жортакшыл билер.
- Біреуінің көзі шақпақ тастай жылтылданап тұр, өжет, – деді зындан күзетіне жауапты жігіт. – Қыста кіре тартуға таптырмайды.
- Құлағын кес те, өгіз мінгізіп, сиырдың соңына сал. Әспеттейтін кез емес.

– Тұтас кесейін бе?

Табалдырық жанында отырған жігіт алаканына бір түкіріп қойды.

– Бір құлағын. Тек ырым ет. Асып жейін деп пе ең, нәлеті.

Сәдір байдың мына сөзіне таң атқалы тоң-торыс жүрген бапты бәйбіше де мырс етіп күліп жіберді. Үй ішін бір жаймашуақ еркіндік, жылылық жайлап жүре берді. Кірпігі желімделіп отырған құс үйқылы қариялардың өзі қутын қағып тыңайып кетті.

– Ушіншісі бір шикіөкпе бозбала. Нагыз қалмақтай қарасұр емес, бидай өнді. Кейде өксік қысып, өкіріп жылайды.

– Алдымызға әкелсін, – десті бәрі елендесіп. – Қалмақта кіріптарлықта жүрген мұсылман баласы болмасын.

Ұзын бойлы, сыртығыр, енді тебіндеген балапан мұртты бозбала табалдырықтан бермен аттады да, сырлқ етіп отыра кетті. Қыр мұрынды әдемі жүзінде үрей мен үміт кезек шарпысады. Бәйбіше “жазған бала” деп күбір етті де, шарайқ толы қымызды ұстата салды.

– Іш.

Үй толы үлкендерге үркек қарап, бас шайқады.

– Экең кім?

– Қалмақ.

– Шешең?

– Табын.

Мұны естіген қариялар желді күнгі қарағай басындау тенселіп, бір дүркіреп басылды.

Табын руының ту ұстары өзім деп әншейінде төскейлеп бағатын Сәдір бай қызыл тілін тынымсыз жалақтатып:

– Қай Табын? Башқұрт па, қазақ па? Қай Табын? – деп отырған орнын опыр-топыр етіп жіберді.

– Табынның қыздары бай таңдал жата ма? Тиген де. Жездем оңай жерден жиен тапты, – деп бір балдызы сықылық атып жатты.

– Білмеймін. Әкем жорықта қаза тапқан. Шешем құсадан өлді. Қалмаққа пәнде болма. Нагашыларынды тап. Жайық бойынан ізде, – деген.

Бозбаланың жүзі әлемтаптырық боп бұзылып, көзі боталап қоя берді.

– Шешең Табын болса қаңғыртып қоя алмаспын. Бала етіп алам, – деп кеңқолтық Сәдір бай тағы бір көтеріліп басылды. – Кәне, бата қызындар.

– Бата жасамас бұрын баяғы шалдардан қалған жоралғы бар еді ғой. Байеке, алдымен сол ырымды жасайық. Бала да, бата да сонан соң ешқайда қашпас, – деп бір қария екі айыр сақалының басын қосып уыстап мәміле түйді.

– Уай, бәйбіше, көтер бұтынды, өткіз баланы астынан. Қыргын қыздың ортасындағы жалғыз ұлға серік табылды.

Алкеуделеу байекең айналасын айран-асыр, мәз-мейрам ғып, аң-таң боп отырған тұтқынды жетелеп бәйбішесінің жанына келді. – Бісіміллә де. Ал, кәне...

– Қой жазған, өңшен қайнағалардың көзінше... Осы сенің ұшпа жүректігің-ай!

- Шырағым, жаттан жақын болған таптырмас деген. Сәкең ыңғай көрсе,
- ерсілігі жоқ қой. Аталардан қалған жол ғой. Іргеге қарап ырымын жасай бер,
- десіп өңшең аузы дуалы ақсақалдар жүзін кереге тұска бұра берді.
- Өзінің етегі қанамай, байы тоқалға тоқтамай зәрезап боп біткен бәйбіше
- тұтқынға мейірлене қарап “Келе ғой, ұлым” деп мандайынан мақтадай
- жұмсақ алаканын жүгірте сипап, іргеге қарап созған оң аяғын сәл көтерді де,
- баланы еңбектетіп өткізе салды.
- Бәйбіше, ұлды болдың!
- Ұзағынан сүйіндірсін!
- Аты Табылған болсын!
- Жұрт балшықтан бала жасай алмай жүргенде...
- Аллекем шаңырақтан бере салды, – десіп өңшең би бата қылысты.
- Алла риза болсын, – деді бәйбіше ерекше толқып. Жұзіне алау шауып,
- көзінен екі тамшы жас еріп түсті.
- Табылғанға қалың беріп, қатын әперем. Енші бөліп берем, – деп Сәдірдің
- отырған орнына құйрығы сыймай дөңбекшіп кетті. – Қара қой әкеліндер.
- Қалжасына сойындар.
- Ал, биекелер, сіздерден бір өтінішім бар, – деді бәйбіше байсал тартып.
- Айт, келін.
- Айтсам, мал арыстанның аузында деген. Саламат қайным ат жалдап мінгелі
- елге пана боп, ылғи жаудың өтінде, жардың шетінде келеді. Олжасы әр
- қазанға ортақ. Анау отау үйде жатқан қалмақ қызын осы қайныма еншілейік.
- Келіншегі жінішке аурумен шікірттеніп жүрген. Екі жарты бір бүтін болсын.
- Эп, бәрекелді! Ойлағанымыз да осы еді, – десіп ырғасқан әңгімеден оңай
- құтылған қариялар тездетіп бет сипасты. – Екі той бір келді.
- Сәдір бай жан-жағына қарағыштай берді.

* * *

Наурыздың ақша қары ғой бұл, жарықтық, аспан жақ тағы да гүлдей бастады. Бұл пен буалдыр мұнардан жүзін аршып ала алмаған күннің қай тұста

теңселіп тұрғаны беймәлім. Аспан астын қыдырып, қонар ұясына әдеттегідей

титықтап жығылар. Әр жерде үйисип қалмай, тұтас жайылған бозшуланда

желбегейдің денесін құсеттеп дөртіндей ызғар бар. Қар да сабалап

жаумаганмен, қисық табан етіктің тақасын көмкермей басылmas. Буынын

жел кернетіп, әр жерден шок-шок боп қарауытып тұрған қияқ пен ақселеудің

түбі қоржындана бастапты. Таң құланиектенісімен қыстан жінішкеріп, арып

шыққан сынар аяқ сорапты қоймай қуалап келе жатқан жалғыз атты сұыт

жүргінші ғана ыңғайтөкпе жүрістен жаңылар емес. Тұс әлеті осы-ау, деп

қоржын басына бірер мәрте қол сұғып, жендібілектей сүр қазы мен саумал

құйылған торсықты алған. Онда да тізгін тартып әуре боп жатпады. Шөл

басып, мұртының екі шалғайына жүққан ақты алақан қырымен жатқыза

сылап тастап, жақ жырта есінеп, есіне әлдене түскендей “Әй, Алла, жолымды

өзің онғар” – деп сапар сәтін Жаратқан иесіне міндеттеп қойды. Таң асып

шыққан тоқжарau торының өзге аттың желісіне қимас сылт аянын азсынып,

иесі сауырга анық батырмаганымен төрт өрме қамшыны сып еткізіп өтеді.

Бусанып, қолтығы кеңіген торы да наурыздың ақша қары көмкеріп, көзтаса

бала бастаған сораптан айнымай, он қолдағы қарауытқан мешел төбешікке қиялай салды.

Төбешік болса басына тіккен үш-төрт түп жыңғылды ес көріп, құлақkestі мына дүниеге едірейісіп қарайды. Жыңғылдың жалаңаш бұтағына жармасып, қанатын қымтай қаусырған жалғыз қара қарға отыр. Екі езуінен төмен құлап шөгіп қалған қара мұртты, қара сұр, қатқыл жұз, қапсағай жүргіншіні көргенімен, қанатын қомдап қоюға жарамады. Тек бірер мәрте қарқылдалы тынды.

– Ақ шақыр!

Тұлкі тымақты баса киіп алған қара сұр, қатқыл жұз. Е, мына пакырдың да тамағын сұық ұстапты. Дауысы шықпайды. Отыр солай, өзіне де сол керек, ендеше, – деп қаралай нығызданып қойды.

Сыз бүріккен дүниеге қарандырылған бойлап еніп, жер бетіне шөге бастағанда, ықтасынсыз жетім қыстауға кеп тізгін тартты. Бітеуді жас төлге беріп шықкан ірі қара ашық қорада жусайды. Үй жанынан төбет дауыс қөтерді. Ақ жаулықты жеңгесі қора айналып түзге отыра қалған екен, ат үркетін жерден ербіп ерсі қөтерілді.

– Такымым қажалып бос қайттым де. О, жазған. Білгем... Үйінің тұсынан аш иттің өзі жүгіріп өтетін Женсікбайдан шөп сұрап қай иманың тасып барады, қырдағы екі-үш шөмелесін артып ала сал, дедім... Ой-бай, қартайғанда сақалымды саудаға қайтіп салам деп... Күннің түрі мынау, тірілей талап жейін деп тұрған мал анау. Немді берем. Қырып барады...

– Үм... қық... ух!

Жүргінші солқ еткізіп көлігінен тұсті.

Мына үнсіздік жеңгесінің қазан қайнатар ашуына қаралай тамызық тастап жібергендей-ді.

– Жас сорпа аңсап біттік. Қарашада жыққан малдың қызылы қашанға жетеді. Сой, дедім қысыр қалған тұсақтың бірін... Төркініңнен айдан келген малың бар ма деп...

– Ә, солай ма? – Жүргінші төрт өрме қамшысын үйірді.

– Құдая, көтек, мынаусы кім?

Төрт өрме ақ жаулықтың жонарқасын жанай өтіп, ақ қағазға тиген қайшыдай қар бетін тіліп жіберді. Ісілдаған қамшы дауысынан тоқжарau торының шаңырақтай сауырына ілесіп жеңгесінің де жауырыны безгек қысқандай билеп кетті.

– Аллам-ау, не жаздым? Кімсің, қайдан жүрген жансың? – Аузындағы сөзі іріп тұсті.

– Бар, сүрінді сал да қазан көтер! Қора басында жөн сұрасып құдаласқалы тұрған жоқ шығарсың.

Ала төбет пен ақ жаулықты қыстау есігінен жарысып аттады.

Аулақтан түйе бақырды. Жұмсақ қарда сырғыған шананың сырлылы естілді.

Жүргінші тоқжарau торының шап айылын босатып, ауыздығын алып, бітеу қораның ықтасынына байлады. Ұзақты құн ат үстінде бойы тоназып, үршық басы үйип қалыпты. Милықтап кеткен тұлкі тымағын қолына алып, қысқа қыылған қайратты шашын жапыра бір сипап өтті.

— Ой, жайрағыр, — деген кейісті дауыс естілді. Жайберген ағасы шөмелे жығып, шөп алып келе жатқан болды. Шықылықтаған шаруасы бар немере туыс-ты. Қашты-қудыға қақ-соғы жоқ момын. Бәйбішесінің жылы өткен соң асау үйретемін деп жүріп жалғыз ұлы мертіккен. Сегізкөзі сынып, мешел боп, есік пен төрдің ортасында құйрықпен жорғалап қалған. Жатырына тартып туған әдеміше, шашын мандайдан қақ айырып өрген жалқы қызы барды. Басқұншақтың сорында тұз аударған бір жатақтың шаңырағына келін бол түсті деп есітті.

— Қалың малына келелі түйені айдал беремін деп Дәуіт тоқалдыққа сұрап тыраштанған екен. Қыс – соғымы, жаз – жайлау қызығы ортақ, байдан ылғи да көлеңке дәметіп қалған ағасы Дәуіттен несібесін үзгісі жоқ, қайдан шалқайсын. Әрі бойы таралып қалған қарғасы баданадай бауырсақты омырып, тортасын айырған сары майды томырып иен байлыққа күрп ете түссе, кәне. Құдайдың тірілей қарасқаны. Бірақ шайтан азғырайын десе қиуын келтірер.

— Дамбалының ауы саржалақ боп ығынан өткенде ылғи да кәрлен текенің иісі бұрқырап қоя береді. Сөйлеген сайын имек мұрны аузына жүгіріп байыз таппайды. Есіней қалса қып-қызыл боп көмекейі көрінеді, сұмпайының. Мұндай байдың қойында қалтырап жатқанша, құлдың құшағында құтырып жат, көзжақсым, — деп ноғайшалыс бір қатын килігіпті. Әлгі сөзден кейін етегіне шөп ілінбеген бойжеткен тұрмақ, қырық жыл төсектес болған иіссінді бәйбішесінің өзі жеріп, борбайлап қашып шығар. Жетім қызға женге көп, ақыры сор жағалаған тұзды ауылдан дәм бұйырған. Тесік моншакқа сындық ине табылмай қалmas, тек бағы ашылса болғаны да...

Иманы бұйырмағыр қатындардың өсегін ойша қуалап кеткеніне іштей күпірлік айтқан жүргінші тағы бір “Өй, жайрағырды” — дәл жанынан естігенде селк етіп бойын жиып алды. Қар аяғы сұйылып, буалдыр мұнар сейіліпті...

— Ассалау-мағалей-көм.

— Дауысынан садаға кетейін, Қосаяқжан-ай, алты жылдан бері ағаның амандығын бір білмей, қайтіп шыдадың... Жанаяр жауыр атанның бақырғаны мен Жайбергеннің дауысы әлемтапырық боп жарысып шықты. — Жалғыз інің жер таянып қалмаса, бақсының моласындаш шошайып елден жырақ отырап ма ем? Руымыз ұранға шыққанда “көппен көрген ұлы той” деп ортасында ойқастап журмес пе ек. Сырым менен Қаратрудан жаны ардақты дейсің бе? Жауыр атан, жаман қатынмен жағаласу үшін туды дейсің бе?

Үнемі біреу төбесінен кертуқыл алатындаш тұқшың қағып жүретін момын жан әбден шерленіп қалған екен. Қосаяқты құрықтай иіп әкеліп, басын бауырына басқан қалпы қапелімде босатар болмады...

* * *

Аспанның ажарын алған алашұбар бұлт не үдере көшпей, не бір жерге үйимай тұрып алды. Құбыладан ескен қоңыр салқын жел қарсінді құмак топырақты кеберсітіп тастағанымен, шуақтың уызына жарымаған көк әлі еркін бой көтеріп кете алмай тұр. Қыстан қымтырылып, қол-аяғы буылып шыққан бала-шаға ғана сиырдың өлі жүнінен домалатып алған доптың

қызығына түскен. Қашты-куды жасап өзара кезектесіп ойнайды. Көз ашқалы көргені атыс-шабыс, дүрбелен болса, басқа нені ермек етсін, бұл шіркіндер, деп іштей тұжырым айтты Сырым.

Сәскеде қыр басына шыққан. Бойын сұық ала бастаған соң желбегей шапанының белін қынай буды. Кездігінің қынын түзеді. Ала қыстай бойын билеген бір шамырқанудан арыла алмай-ақ қойсын. Айналандағы жұрттың өзі мынау төбенде қалқып тұрып алған алашұбар бұлттай боп не ажары, не базары жоқ болса, бұл қайтып төсегінде тыныш жатсын. Ақтүтек ақпанмен арпалысып барып, Жыңғылдының ойында қыстаған Қаратаямен ғана кенес құрған. Онда да екі тізгін, бір шылбырдан басқа билігі жоқ би атаулыны, алдына ағаш сап наиза өңгерсе екі қызылдың арасын дүрліктіріп бітетін батырсымақ біреулерді жолатпай, жұзбе-жұз жатып бәтуа айтысқан.

Бәтуаның түйіні, наурыз туысымен он екі ата Байұлына аузынан дуа қашпаған он екі ұраншы жіберу керек, қарашаны көтерсін, қару-жарагын, ат-әбzelін сайласын, ұзақ жортуыл тұр, қоржындарын майласын, бірақ кімге қарсы көтерілетінімізді бұл жолы жария етпесін, ойда – орыс, қырда хан, Еділ бетте қалмақ тұр, тұщы етіңе тұмсық сұқса қай-қайсы да аш бөрідей жай қоймас, босмойын құн кешіп жан сақтаймын, жортактап қашып, жорғалап бұғып шағыл ауыстырып қонам дегендер болса ырқы, алайда ертеңгі құні қара дауыл қарсы көтерілгенде табан астында жаншылып қалдым демесін, айқай көтерілген жерде араша аз, ұран көтерілген жерде ұрда жық молға, сайды. Ел жайлауға көшіп-қонған мамырдың орта шенінде, бұйырса аттаныс басталар. Ысық-шеркеш, адай-таз, қызылқұрт-масқар, кердері-жаппас ауылдарын аралап қайтқандардың уәжі дәтке қуат дегізердей.

Қолға мынау деп ұстар нәтижесі болмаса да, он жылға таяу дүрбеленде ел-жұрт ерқашты боп қажымапты, қайта “Сырым – бастаған, Қаратай – қостаған қай қырғыннан тартынып ек, әлдекімге иық көрсетсе, сес білдірсе, жақынына емес жатына, жамағатына емес жауына көрсетіп жур. Біздей жаман-жәутікті қатарға қосам деп арпалысады. Әйтпесе, бірі – батыр, бірі – би, тақ пен бақтан, байлықтан кемдік көріп, кенже соғып жүрмеген шығар. Өлсек бір молада, тірі қалсақ бір төбенің басында қонармыз”, десіпті. Нұралының қолынан сыбаға асаған ағайынның бұра тартып, бұлтаққа салғаны да жоқ емес көрінеді. Олардың ындыны Сырымға ежелден мәлім. Итжығыс түсіп жүрген хан мен батырдың қайсысы бел ала бастаса, соның ықтасынына тығылып, ығына жығылып бас бағатын кәнігі қулық. Ендігі жерде кім-кімге де батпа-шықпа ол әдісі өте қоймас. Ал, ғұмыры асау үйретіп, ат жалын тартып мінбеген, мешкей өгізінің кебеже қарны бұттарын талтайтып жіберген дүбәра қосты кей қарашаға тіпті өкпе жоқ. Үш бұтақты айырынан басқа қаруы, тары берттіріп, талқан жеген шибұт бала-бақырасынан басқа дәруі, қалың малы бір қашар, құлді-көміш тесік моншағынан басқа зәруі бар дейсін бе, о жазғандардың. Ханның қарашасы атана ма, қалмақтың жалшысы бола ма, бәрібір шығар. Тіпті тұзға түскендер орыс жегіндіге алса, күймей піскен ақ бөлкесіне тоямыз деп насаттанады деседі. Жарайды, жаудың бетін ықтырып мұның өзі елге бас иелік етсін. Сонда әлгі өгіз мінген өлмешіні қай шапағатына бөлеп, кай мұратына жеткізер еді?.. Жалаңаш қабырғасына пияз

қабығындаш шыр жүқпаған соң оларға кімнің тазкепесін кисін, айырмасы кәне? Атасы басқа кәпірдің азабынан, ақсүйек біткеннің тозағынан құтқарам, бостан боласын дер. Қол-аяғын бос қойсан, құдыққа құлап өлер құл бостандықтың қадірін біле ме? Сауып ішер сүті жоқ, сойып жейтін еті жоқ, ол неткен бостандық деп таңырқар. Жә... жә... Бір-біріне жалғанбай үзік-үзік боп ойнаған сағым сынды келер күн Сырымға ақ жарылып сыр аша қоймады. Қысыр қалған енесін арда емген құла тайды жетекке алған екі жылқышысы үйірден жырылып шығып, бері беттеді. Қыс боранды болғанымен, сонын сақылдаған саршұнақ аязға ұрындырмай жылқыға тебін беріп шықкан. Қара өзеннің баланың білегіндегі үкілі бас нар қамысы таптырмас пана.

Қалыңдықтың ара-арасындағы ойдым-ойдым алаңқайға өскен, өрт пен шалғыдан ада тебінгі қағар өлеңшөп өзекті малды аш қоймас. Осы жырынды екі жылқышысы айтып келген. “Тай мен жабағының жылы-жұмсағына дәнігіп алған қасқыр қамыс сығалап күн беруді қойған сон, арланын ерулі атты алмастырып қып, соғып алдық. Нағыз көкжалдың өзі екен, ұрғанда үзенгінің темірін тістеп алып тартысып, қайысын қолымыздан жұлдып әкете жаздады. Мұндай сойқанды кім көрген. Екеулеп көтеріп атқа өнгере алмадық. Терісін аязға қатырып, керіскедей ғып бөрі сокпактың жолына іліп қоюымыз мұң екен, ұлардай шулаған қаншығы бөлтірік біткенді ертіп, қарасын батырды. Арланның ажалын көріп арттарын қысқан-дағы. Көзіміз ашылды” – деп.

Таптырмас тәсіл екен, деп түйген іштей Сырым. Бекіспес жаулыққа көшкен соң аны не, адамы не? Кім ашулы қолға бұрын түссе, соның топ бастар көсемін, сөз бастар шешенін.... Әне, сонда ғана көзі майланып алған есірік немелердің өнгесі кірер інін таппай қалар.

– Қонақтардың қырдан құлайтын уақыты жеткен сынды. Батаны Қарататудан сұрандар. Ауыл-аймақтың тұтін андыған бәтуасыз біреуі сақалын бұлдан киіп кетіп жүрмесін, – деп батыр жанына бір қырындап келген жылқышысына тіл қатты.

– Асшы жігіттерге айт, қысырақтың қымызына сарала сүр қазы мен мейіз салып піссін. Ашуы қатты еді, жұмсарсын, білек күштен кемдік көрсетпесін. Жөнел!

Аяқ жетер жердегі ел-жүрт батырға қайыра сұрақ беріп не сөзін кимелеп жатпайтын ежелгі дағдысы. Нағыз бір билік қысып бара жатса, жанындағы кісіге естірткен боп уәж түсіреді. Бата берді дейтін Алдар би мен Малайсары, үзенгі жолдас, қара сөзден қаймақ алған Қаратату би болмаса, бұқунде Сырыммен шендересер исі Кіші жүзде пенде баласы қалды дейсің бе?

Ізғындаш өріп жүрген төре-төлеңгіт түгілі, хан әuletінің өзі иіс алмас жаман дейтін Даттан туған кәтепті қара нардың қабағын таба алмай, қыбын баға алмай діңкеледі емес пе...

Сәуір сызы тарап емес. Алашұбар бұлт аспанды әлі алдарқатып жүр. Батыр өкше көтере түсіп батыска назар тіккен. Көз аясына сияр жерден бес-алты аттылы көрінді. Көк жорғаның өзге аттан мойны озық келеді. Шіркіннің омырауы есіктей боп шайқалып келе жатқанын қарашы. Күмісқас ердің үстінде қақкан қазықтай боп шаншылып Қарекенің отырысының өзі бір

дүние. Дауға түссе қырандай, жауға түссе ұрандай болған бекзатым-ай, деп әлгі бір үзіп-қашпа ойлар жүдегетіп тастаған Сырым мына көрініске қаралай сүйсінді. Бұрын бұл бауырын жазып шабатын жүйрік неге мінбейсің дейтін-ді. Бақса, биге жортакқа түспейтін жорға жарасымды екен-ау.